

Қайыршақты ауылдық округі әкімі шешімдерінің күшін жою туралы

Атырау облысы Атырау қаласы Қайыршақты ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 21 сәуірдегі № 263 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 21 сәуірде № 4933 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін - өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 37 бабына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің "Атырау қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2021 жылғы 14 сәуірдегі № 08-5/186 ұсынысына сәйкес, Қайыршақты ауылдық округі әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қайыршақты ауылдық округі әкімінің:

1) 2021 жылғы 6 қаңтардағы № 4 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4869 болып тіркелген , 2021 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) 2021 жылғы 14 қаңтардағы № 14 "Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4874 болып тіркелген , 2021 жылғы 19 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қайыршақты ауылдық
округінің әкімі

Ш. Калиев